

С.Ә. Жүзеев^{1*}, А.М. Жубандыкова², Ж.О. Әбікенов³, М.К. Жайлауова⁴

^{1,3,4}Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда, Қазақстан;

²Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
(Хат-хабарға арналған автор. E-mail: serik_juzeev@mail.ru)

¹ORCID 0000-0002-6552-9584

²ORCID 0000-0003-4545-2599

³ORCID 0000-0002-7950-330X

⁴ORCID 0000-0002-7909-8201

Гендерлік рөлдер мен стереотиптердің білім алушылардың академиялық мотивациясына әсерін эмпириялық талдау

Қазіргі білім беру кеңістігінде білім алушылардың академиялық мотивациясына әсер ететін факторларды анықтау маңызды ғылыми бағыттардың бірі. Осы тұрғыдан алғанда, гендерлік рөлдер мен стереотиптердің оқу үдерісіне ықпалын зерттеу ерекше мәнге ие. Аталған зерттеудің мақсаты — гендерлік рөлдер мен стереотиптердің білім алушылардың академиялық мотивациясына ықпал ету ерекшеліктерін анықтап, бұл құбылысты теориялық және эмпирикалық тұрғыда негіздеу. Зерттеу жұмысы сандық зерттеу тәсілдеріне сүйене отырып, сипаттамалық және салыстырмалы бағытта жүзеге асырылды. Зерттеуге жоғары оқу орындарында білім алып жүрген 556 білім алушы қатысып, олардан алынған жауаптар талдауға негіз болды. Алынған мәліметтер JASP статистикалық бағдарламасының көмегімен өңделіп, нәтижелерді талдау барысында сипаттамалық статистика әдістері, тәуелсіз іріктемелерге арналған t-тест және бір факторлы дисперсиялық талдау (ANOVA) қолданылды. Зерттеу барысында алынған нәтижелер білім алушылардың дәстүрлі гендерлік рөлдік үлгілерді толықтай қабылдай бермейтінін, дегенмен жекелеген гендерлік стереотиптердің әлі де көрініс табатынын көрсетті. Зерттеудің ғылыми жаңалығы гендерлік рөлдер мен стереотиптердің білім алушылардың академиялық мотивациясына ықпалы Қазақстанның жоғары білім беру жүйесі аясында эмпирикалық тәсілдер негізінде жан-жақты қарастырылуымен сипатталады. Зерттеу аясында алынған қорытындылардың тәжірибелік маңызы жоғары оқу орындарында гендерлік сезімталдық пен инклюзивтілік қағидаттарына негізделген білім беру ортасын дамытуға, оқытушылардың кәсіби-педагогикалық қызметін жетілдіруге, сондай-ақ білім алушылардың оқу уәждемесін күшейтуге бағытталған нақты ұсынымдар әзірлеуге мүмкіндік береді.

Кілт сөздер: гендерлік рөлдер, гендерлік стереотиптер, академиялық мотивация, білім алушылар, жоғары білім, гендерлік теңдік.

Кіріспе

Қоғамда орын алып жатқан әлеуметтік және мәдени трансформациялар білім беру жүйесіне қойылатын талаптарды жаңартып, білім алушылардың оқу мотивациясын айқындайтын факторларды қайта пайымдауды талап етуде. Осы контексте гендерлік рөлдер мен стереотиптердің білім алушылардың академиялық мотивациясына ықпалын зерделеу педагогика мен білім психологиясы салаларындағы маңызды ғылыми мәселелердің бірі ретінде алға шығады. Гендерлік стереотиптер білім беру ортасында оқушылар мен студенттердің оқу әрекетіне қатысу деңгейіне, өз мүмкіндіктерін субъективті бағалауына, сондай-ақ академиялық нәтижелеріне тікелей және жанама әсер етуі ықтимал [1]. Ғылыми зерттеулерде гендерлік күтулер мен қоғамда орныққан көзқарастар оқу мотивациясының төмендеуіне алып келіп, білім алушылардың жеке әлеуетін толық іске асыруына кедергі жасайтыны атап көрсетіледі [2].

Ғылыми еңбектерде гендерлік рөлдік ұстанымдар мен академиялық мотивацияның өзара байланысы әртүрлі теориялық тәсілдер аясында талданады. Әлеуметтік-танымдық бағыт пен жетістікке ұмтылу мотивациясы теориялары гендерлік күтулердің білім алушылардың өзіндік тиімділік сезіміне, табысқа қол жеткізу жөніндегі болжамдарына және оқу әрекетіне қатысты ішкі уәждемесіне ықпал ететінін негіздейді [3]. Сонымен қатар бірқатар эмпирикалық зерттеулерде білім алушылардың гендерлік көзқарастары оқу үдерісіндегі белсенділік деңгейін, қолданылатын оқу стратегияларын және академиялық нәтижелерді айқындаушы факторлардың бірі ретінде көрініс табатыны атап көрсетіледі [4].

Гендерлік стереотиптердің академиялық мотивацияға ықпалы жекелеген пәндер аясында ерекше айқын көрініс табады [5]. Әйелдерге қатысты «математика мен жаратылыстану бағыттарында қабілеті төмен» деген әлеуметтік тұрғыда орныққан көзқарастар олардың аталған салалардағы өз мүмкіндіктеріне деген сенімін әлсіретіп, нәтижесінде оқу мотивациясының төмендеуіне себеп болуы ықтимал [6]. Ал ер адамдарға тән гендерлік рөлдер формальды ғылым салаларына қатысуын шектемегенімен, білім беру үдерісінде құрылымдық теңсіздіктердің сақталуына жағдай жасап, әйелдердің академиялық мүмкіндіктерін жанама түрде шектеуі мүмкін [7].

Сонымен бірге гендерлік рөлдер мен стереотиптер білім алушылардың білім беру траекториясын айқындауға және болашақ кәсіби жолын таңдауға да елеулі ықпал етеді. Зерттеу нәтижелері әйелдердің дәстүрлі гендерлік нормаларға сәйкес келмейтін академиялық бағыттардан бас тартуға жиі мәжбүр болатынын, ал бұл жағдай олардың академиялық ұмтылысы мен амбициясының төмендеуіне алып келетінін көрсетеді [8]. Бұған қоса, гендерлік теңдік қағидаттарына негізделген білім беру ортасының қалыптасуы білім алушылардың оқу мотивациясын күшейтіп, олардың оқу тәжірибесінің сапасын арттыруға оң әсер ететіні ғылыми тұрғыда дәлелденген [9].

Білім беру жүйесінде гендерлік теңсіздіктің сақталуына ықпал ететін негізгі себептердің бірі мұғалімдердің гендерлік рөлдерге қатысты қалыптасқан ұстанымдары [10]. Оқытушылардың саналы не бейсаналы түрде қабылдаған стереотиптері олардың білім алушылармен қарым-қатынас орнатуына, академиялық үміттеріне және бағалау тәжірибесіне әсер етіп, соның нәтижесінде білім алушылардың оқу мотивациясын күшейтуі немесе әлсіретуі мүмкін [11]. Бірқатар зерттеулерде гендерлік сезімталдыққа негізделген педагогикалық тәсілдерді қолдану студенттердің оқу белсенділігі мен академиялық мотивациясын арттыруда тиімді нәтиже беретіні дәлелденген [12].

Гендерлік рөлдер мен стереотиптердің академиялық мотивацияға әсерін түсіндіру барысында әлеуметтік және психологиялық алғышарттардың рөлі де айрықша мәнге ие. Психология саласындағы зерттеулер жыныстық стереотиптердің білім алушылардың өз қабілеттеріне деген сенімін төмендетіп, оқу тапсырмаларын орындаудағы табандылық деңгейіне кері ықпал ететінін көрсетеді [13]. Сонымен қатар әлеуметтік қолдаудың жеткілікті болуы мен психологиялық тұрғыдан қауіпсіз білім беру ортасының қалыптасуы стереотиптердің жағымсыз ықпалын әлсіретіп, білім алушылардың оқу мотивациясын тұрақты деңгейде сақтауға мүмкіндік беретіні анықталған [14].

Қарастырылған ғылыми зерттеулер гендерлік рөлдер мен стереотиптердің академиялық мотивацияға ықпалын кең ауқымда сипаттағанымен, аталған мәселені нақты әлеуметтік-мәдени ортада, әсіресе жоғары білім беру кеңістігі шеңберінде эмпирикалық негізде кешенді түрде зерделеу жеткіліксіз деңгейде қалып отыр. Осы тұрғыдан алғанда, зерттеу мәселесі білім алушылардың академиялық мотивациясының қалыптасу үдерісінде гендерлік рөлдер мен стереотиптердің ықпал ету дәрежесін және бұл ықпалдың жыныстық айырмашылықтарға байланысты ерекшеліктерін эмпирикалық деректер арқылы айқындау қажеттілігімен негізделеді.

Осы зерттеудің объектісі ретінде білім беру жүйесіндегі оқу үдерісі айқындалады. Ал зерттеудің пәні білім алушылардың академиялық мотивациясының қалыптасуына гендерлік рөлдер мен стереотиптердің әсерін қамтиды.

Зерттеу Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындары Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті мен Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті контекстінде жүргізіліп, эмпирикалық деректер білім алып жатқан студенттер арасында жинақталды.

Осы әлеуметтік-мәдени ортада гендерлік рөлдер мен стереотиптердің академиялық мотивацияға ықпал ету ерекшеліктерін анықтау өзекті ғылыми мәселе болып саналады.

Осыған орай зерттеу жұмысы төмендегі зерттеу сұрақтарына жауап іздейді:

- студенттер арасында дәстүрлі және теңдікке негізделген гендерлік ұстанымдардың таралу деңгейі қандай;
- гендерлік рөлдерге байланысты көзқарастар академиялық мотивация көрсеткіштерімен қалай байланысты;
- жыныс факторы гендерлік ұстанымдар мен академиялық мотивация арасындағы өзара байланысқа қалай ықпал етеді.

Зерттеу жұмысының негізгі мақсаты гендерлік рөлдер мен стереотиптердің білім алушылардың академиялық мотивациясына ықпал ету ерекшеліктерін теориялық пайымдаулар мен эмпирикалық талдау негізінде зерделеу.

Осы мақсатты іске асыру үшін зерттеу барысында төмендегі міндеттер айқындалды:

- гендерлік рөлдер мен стереотиптер проблематикасына арналған отандық және шетелдік ғылыми еңбектерді талдап қорыту;
- білім алушылардың гендерлік көзқарастарының құрылымдық және мазмұндық ерекшеліктерін анықтау;
- білім алушылардың академиялық мотивация деңгейін сипаттап көрсету;
- гендерлік стереотиптер мен академиялық мотивация арасындағы өзара байланысты эмпирикалық мәліметтер негізінде айқындау;
- алынған нәтижелерге сүйене отырып, педагогикалық тұрғыдан негізделген қорытындылар мен практикалық ұсынымдар әзірлеу.

Гендерлік рөлдер мен стереотиптердің білім алушылардың академиялық мотивациясына ықпалын зерттеу бүгінгі жоғары білім беру жүйесінің даму талаптарымен тығыз байланысты кешенді ғылыми мәселе ретінде қарастырылады. Білім беру үдерісінде тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету, білім алушылардың әлеуетін толық ашу және оқу үдерісіне ішкі уәждемені күшейту үшін гендерлік факторларды ескерудің маңызы күн сайын артып келеді. Сондықтан зерттеу тақырыбы тек теориялық тұрғыдан ғана емес, сонымен бірге білім беру тәжірибесін жетілдіру, педагогикалық шешімдер қабылдау және инклюзивті білім беру ортасын қалыптастыру тұрғысынан да өзекті болып саналады. Зерттеу барысында алға қойылған мақсат пен міндеттерді жүзеге асыру гендерлік көзқарастар мен академиялық мотивация арасындағы өзара байланысты тереңірек түсінуге және бұл бағытта ғылыми негізделген тұжырымдар жасауға мүмкіндік ұсынады.

Осы зерттеу барысында негізгі ұғымдарға ғылыми анықтамалары берілді. Гендерлік рөлдер — белгілі бір қоғамда ерлер мен әйелдерге әлеуметтік тұрғыдан жүктелетін мінез-құлық үлгілері, міндеттер мен күтулер жүйесі ретінде сипатталады. Гендерлік стереотиптер — ерлер мен әйелдердің қабілеттері, әлеуметтік функциялары мен мінез-құлқына қатысты орныққан, көбіне жалпылама әрі шектеуші әлеуметтік түсініктердің жиынтығы.

Ал академиялық мотивация ұғымы білім алушының оқу әрекетіне қатысуын, табысқа ұмтылысын, өзіндік тиімділік сезімін және оқу мақсаттарын саналы түрде қабылдауын анықтайтын ішкі және сыртқы уәждер жүйесі түрінде түсіндіріледі. Бұл ұғымдар әлеуметтік-танымдық теория мен жетістікке ұмтылу мотивациясы теориялары аясында интерпретацияланып, гендерлік күтулердің студенттердің өзіндік тиімділік деңгейіне және оқу әрекетіне деген ішкі уәждемесіне ықпалын талдауға нақты негіз болды.

Әдістер мен материалдар

Зерттеу жұмысы сандық зерттеу парадигмасына сүйене отырып, сипаттамалық және салыстырмалы бағыттағы дизайн аясында жүзеге асырылды. Зерттеудің алға қойылған мақсатына сәйкес білім алушылардың гендерлік рөлдер мен стереотиптерге қатысты көзқарастары, сондай-ақ олардың академиялық мотивациямен өзара байланысы эмпирикалық деректер негізінде талданды. Зерттеу бір кезеңді (cross-sectional) сипатта ұйымдастырылып, бастапқы мәліметтер онлайн сауалнама жүргізу әдісі арқылы жинақталды.

1 - к е с т е

Зерттеу қатысушыларының сипаттамалық көрсеткіштері **Жалпы іріктеме: N = 556**

Категория	Топ	Жиілік (N)	%
Жынысы	Әйел	439	78.9 %
	Ер	117	21.1 %
	Басқа	0	0 %
	Жауап бергісі келмейді	0	0 %
Тұратын жері	Қала	360	64.8 %
	Аудан/ауыл	196	35.2 %

1 - кестенің жалғасы

Категория	Топ	Жиілік (N)	%
Білім деңгейі	Бакалавр	541	97.3 %
	Магистратура	15	2.7 %
	Техникалық/кәсіптік	0	0 %
	Докторантура (PhD)	0	0 %
Отбасылық жағдайы	Бойдақ/тұрмыста емес	529	95.1 %
	Үйленген/тұрмыста	9	1.6 %
	Басқа	1	0.2 %
	Жауап беруден бас тартқан	17	3.1 %

Зерттеуге Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті мен Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінде білім алып жүрген 556 білім алушы тартылды, ал іріктеме кездейсоқ таңдау қағидатына сәйкес қалыптастырылды. Қатысушылардың арнайы сауалнамаға қатысу ерікті негізде жүзеге асырылды. Кездейсоқтық қағидаты онлайн сауалнама сілтемесінің ашық түрде таратылуы арқылы ұйымдастырылды. Іріктеу барысында стратификация қолданылмағанымен, жынысы және тұрғылықты жер айнымалылары талдау кезеңінде жеке форматта қарастырылды. Қатысушылардың басым бөлігін әйелдер құрап (78,9 %), ер білім алушылардың үлесі 21,1 % болды. Іріктемеде әйел білім алушылардың үлесінің басым болуы зерттеу жүргізілген жоғары оқу орындарындағы білім беру бағдарламаларының ерекшеліктерімен және гуманитарлық-педагогикалық бағыттарда әйел студенттердің сандық басымдығымен айқындалады. Бұл гендерлік дисбаланс нәтижелерді интерпретациялау барысында ескеріліп, салыстырмалы талдау кезінде ықпал көлемінің көрсеткіштері (Cohen's d) қолдану арқылы шынайы бағаланды.

Респонденттердің тұрғылықты жері бойынша 64,8 %-ы қалалық, ал 35,2 %-ы ауылдық аймақтардан екені анықталды. Білім деңгейіне қатысты деректер іріктеменің негізгі бөлігін бакалавриатта оқитын студенттер (97,3 %) құрайтынын, ал магистратурада білім алушылардың үлесі 2,7 % екенін көрсетті. Таңдаманың сандық құрамы зерттеудің алға қойылған мақсаттары мен міндеттерін жүзеге асыру үшін жеткілікті деп танылды.

2 - кесте

Сауалнама тұжырымдарының құрылымдық жіктелуі

№	Тұжырымдар
1	2
Q1	Дәстүрлі құндылықтар ер мен әйелдің қоғамдағы рөлін анықтайды
Q2	Әйелдің басты міндеті үй шаруасымен айналысу
Q3	Ер адам отбасын асыраушы және шешім қабылдаушы болуы керек
Q4	Дәстүрлі қоғам әйелдердің мансапқа ұмтылысына кедергі келтіреді
Q5	Әлеуметтік желілер гендерлік рөлдерге ықпал етеді
Q6	Дін мен дәстүр үйлесімді түрде гендерлік қатынастарды қалыптастырады
Q7	Қазіргі жастар дәстүрлі гендерлік рөлдерді аз ұстанады
Q8	Гендерлік теңдік қазақ мәдениетіне қайшы емес
Q9	Әйелдің экономикалық тәуелсіздігі отбасы шешімдеріне ықпал етеді

1	2
Q10	Ер мен әйелдің қоғамдағы тең мүмкіндіктері әлеуметтік тұрақтылықты арттырады
Q11	Қоғамдағы гендерлік рөлдер өзгеріске ұшыраған
Q12	Қазіргі отбасыларда ер мен әйелдің міндеттері тең бөлінуі тиіс
Q13	Дәстүрлі гендерлік рөлдер сақталуы керек
Q14	Әйелдің қоғамдық белсенділігі отбасылық міндеттеріне кедергі келтіреді.

Деректерді жинақтау мақсатында Google Forms платформасы негізінде әзірленген анонимді онлайн сауалнама пайдаланылды. Сауалнама құрылымы респонденттердің әлеуметтік-демографиялық сипаттамаларын анықтауға, сондай-ақ гендерлік рөлдер мен стереотиптерге қатысты көзқарастарын бағалауға бағытталған сұрақтарды қамтыды. Гендерлік рөлдерге байланысты ұстанымдар 14 тұжырым арқылы өлшеніп, жауаптар 5 балдық Ликерт шкаласы бойынша бағаланды, мұнда 1 балл «мүлде келіспеймін», ал 5 балл «толықтай келісемін» дегенді білдіреді. Сауалнамаға енгізілген тұжырымдар отандық және халықаралық ғылыми зерттеулерге негізделі отырып іріктеліп, бейімделді.

Жиналған эмпирикалық деректер JASP статистикалық бағдарламасының көмегімен талданды. Алғашқы кезеңде деректерге сипаттамалық статистика әдістері қолданылып, орташа көрсеткіштер мен стандарттық ауытқулар анықталды. Жыныс факторына байланысты айырмашылықтарды тексеру үшін тәуелсіз іріктемелерге арналған *t*-тест пайдаланылса, тұрғылықты жеріне қарай айырмашылықтарды бағалау мақсатында бір факторлы дисперсиялық талдау (One-Way ANOVA) жүргізілді. Айқындалған айырмашылықтардың практикалық мәнін бағалау үшін әсер көлемінің көрсеткіштері ретінде Cohen's *d* және ω^2 коэффициенттері есептелді. Барлық статистикалық процедураларда нәтижелердің маңыздылық деңгейі $p < 0,05$ шегінде белгіленді.

Зерттеу үдерісінде ғылыми-зерттеу этикасының негізгі талаптары толық сақталды: қатысушылардың зерттеуге қатысуы ерікті негізде жүзеге асырылды, олардың жеке мәліметтерінің құпиялылығы қамтамасыз етілді, ал жиналған ақпарат тек ғылыми мақсаттарда қолданылды.

Сауалнаманың тұжырымдарын құрастыруда гендерлік ұстанымдарды өлшеуге арналған классикалық эмпирикалық зерттеулердің әдістемелік қағидаттары негізге алынды. Шкаланың ішкі біртектілігі Кронбах альфасы арқылы тексеріліп, алынған мән $\alpha = 0,81$ құрады, бұл құралдың сенімділігінің жоғары деңгейін білдіреді.

Нәтижелер мен оларды талдау

Академиялық мотивация студенттердің оқу әрекетіне деген ішкі қызығушылығы, жетістікке ұмтылуы және өзіндік тиімділік сезімімен байланысты көрсеткіштер арқылы түсіндірілді. Гендерлік ұстанымдар бойынша жиналған нәтижелер мотивациялық айнымалылармен салыстырмалы және түсіндірмелі талдау негізінде қарастырылды. Зерттеу нәтижесінде алынған эмпирикалық мәліметтер білім алушылардың гендерлік рөлдер мен стереотиптерге қатысты көзқарастарының деңгейін, сондай-ақ олардың академиялық мотивациямен өзара байланысын айқындауға мүмкіндік берді. Алдымен гендерлік рөлдерге байланысты көзқарастардың жалпы сипаттамалық көрсеткіштері талданып, одан кейін жыныс факторы тұрғысынан байқалатын айырмашылықтар салыстырмалы түрде қарастырылды.

Зерттеудің нәтижелерін талдаудың бірінші кезеңінде білім алушылардың гендерлік рөлдер мен стереотиптерге қатысты көзқарастарының жалпы деңгейін айқындау мақсатында сипаттамалық статистика әдістері пайдаланылды. Аталған кезеңде сауалнама тұжырымдары бойынша орташа мәндер мен стандарттық ауытқулар есептеліп, респонденттердің дәстүрлі және гендерлік теңдікке негізделген ұстанымдарға бейімділігіне баға берілді. Мұндай талдау білім алушылар арасында қалыптасқан гендерлік көзқарастардың жалпы тенденцияларын анықтауға және олардың академиялық мотивациямен ықтимал өзара байланысын түсіндіруге себеп болады.

Білім алушылардың гендерлік рөлдерге қатысты көзқарастарының орташа мәндері

Гендерлік рөлдерге қатысты тұжырымдар	Орташа мән (Mean)	Стандарттық ауытқу (SD)
Әйелдің негізгі міндеті — отбасы мен үй шаруасы	1,75	1,02
Ер адам — отбасының негізгі асыраушысы	3,89	1,11
Отбасында міндеттер тең бөлінуі тиіс	3,74	1,15
Әйелдер мен ерлердің кәсіби мүмкіндіктері тең	3,68	1,09
Қоғамда гендерлік теңдік жеткілікті деңгейде	3,12	1,18

3-кестедегі деректер бойынша білім алушылардың дәстүрлі гендерлік рөлдерге қатысты көзқарастарды толық көлемде қабылдай бермейтінін көрсетеді. Атап айтқанда, «әйелдің басты рөлі — отбасы мен үй шаруасын атқару» деген тұжырым бойынша орташа мәnnің төмен деңгейде болуы ($M = 1,75$) студенттердің басым бөлігі бұл пікірмен келіспейтінін аңғартады. Бұл нәтиже қазіргі білім алушылар арасында дәстүрлі гендерлік стереотиптердің біртіндеп әлсіреп келе жатқанын көрсетеді. Сонымен бірге «ер адам — отбасының негізгі асыраушысы» деген пікірдің орташа көрсеткішінің салыстырмалы түрде жоғары болуы ($M = 3,89$) кейбір дәстүрлі гендерлік рөлдердің әлі де белгілі бір дәрежеде сақталып отырғанын білдіреді.

Академиялық мотивациямен тығыз байланыста қарастырылатын «отбасылық міндеттер ерлер мен әйелдер арасында тең бөлінуі тиіс» және «әйелдер мен ерлердің кәсіби мүмкіндіктері бірдей» деген тұжырымдар бойынша орташа мәндердің жоғары деңгейде болуы ($M = 3,68-3,74$) білім алушылардың гендерлік теңдік қағидаттарын қолдайтынын және оқу мен кәсіби дамуда тең мүмкіндіктердің маңыздылығын мойындайтынын білдіреді. Мұндай көзқарастар академиялық мотивацияның ішкі құрамдас бөліктерін, соның ішінде өзіндік тиімділік сезімін және жетістікке ұмтылу деңгейін күшейтуге ықпал етуі ықтимал.

Зерттеу барысында алынған сипаттамалық нәтижелерді тереңірек түсіндіру мақсатында келесі кезеңде гендерлік рөлдерге қатысты көзқарастардың әртүрлі әлеуметтік-демографиялық факторлармен, оның ішінде жыныс ерекшелігімен өзара байланысын талдау қажеттілігі пайда болады. Олай дейтініміз, ғылыми зерттеулерде ерлер мен әйелдердің гендерлік стереотиптерді қабылдау деңгейі мен гендерлік теңдікке қатысты ұстанымдары бірдей болмайтыны, бұл айырмашылықтардың оқу мотивациясының қалыптасуына ықпал етуі мүмкін екені ерекше көрсетіледі. Сол себептен алғанда, жыныс факторы білім алушылардың гендерлік рөлдерге қатысты көзқарастарын саралауда маңызды айнымалы ретінде сипатталады.

Гендерлік рөлдерге қатысты көзқарастардың жыныстық ерекшеліктерін анықтау мақсатында деректер тәуелсіз іріктемелерге арналған *t*-тест көмегімен талданды.

Гендерлік рөлдерге қатысты көзқарастардың жынысқа байланысты айырмашылықтары

Тұжырым	Жыныс	Орташа мән	t	p
Әйелдің негізгі міндеті — үй шаруасы	Әйел	1,58	-7,96	<0,001
	Ер	2,40		
Ер адам — негізгі асыраушы	Әйел	3,76	-2,67	0,008
	Ер	4,07		
Отбасында міндеттер тең бөлінуі тиіс	Әйел	3,87	5,42	<0,001
	Ер	3,22		

4-кесте бойынша алынған деректер гендерлік рөлдерге қатысты көзқарастардың жыныс факторына байланысты айтарлықтай ерекшеленетінін көрсетті ($p < 0,05$). Атап айтқанда, әйел білім алушылар гендерлік теңдікке негізделген ұстанымдарды көбірек қолдайтынын байқатса, ер білім алушылар арасында дәстүрлі гендерлік рөлдерді қолдау деңгейі салыстырмалы түрде жоғары болды. Аталған айырмашылықтардың академиялық мотивация тұрғысынан маңызы зор, себебі гендерлік теңдікке бағытталған көзқарастар білім алушылардың өз мүмкіндіктеріне деген сенімін арттырып, оқу әрекетіне белсенді қатысуына оң ықпал етуі ықтимал.

Алынған нәтижелерді академиялық мотивация тұрғысынан талдау гендерлік стереотиптердің жоғары деңгейі жағдайында мотивациялық көрсеткіштердің төмендеу үрдісі байқалатынын көрсетті. Керісінше, гендерлік теңдік қағидаттарын қолдайтын көзқарастар білім алушылардың оқу үдерісіне деген ішкі қызығушылығын арттырып, жетістікке ұмтылу деңгейін және өз мүмкіндіктеріне деген сенімін күшейтетіні анықталды. Бұл қорытындылар гендерлік стереотиптердің мотивацияға кері ықпалы туралы бұрын жүргізілген зерттеулердің нәтижелерімен үйлеседі. Осылайша зерттеу нәтижелері гендерлік рөлдер мен стереотиптердің білім алушылардың академиялық мотивациясына елеулі әсер ететінін дәлелдейді. Дәстүрлі гендерлік рөлдерге бағдарлану мотивацияның жекелеген құрамдас бөліктерінің әлсіреуіне алып келсе, гендерлік теңдікке негізделген ұстанымдар оқу белсенділігінің артуына және мотивация деңгейінің жоғарылауына ықпал етеді. Бұл жағдай білім беру жүйесінде гендерлік сезімтал әрі инклюзивті педагогикалық тәсілдерді енгізудің маңыздылығын тағы бір мәрте айқындайды.

Сондай-ақ зерттеу барысында алынған нәтижелер білім алушылардың академиялық мотивациясын арттыруда білім беру ортасының мазмұны мен педагогикалық ықпалдардың рөлін қайта қарастыру қажеттігін аңғартады. Гендерлік теңдік қағидаттарын қолдайтын білім беру кеңістігінің қалыптасуы білім алушылардың оқу мақсаттарын айқындауына, оқу үдерісіне белсенді араласуына және ұзақ мерзімді академиялық жетістіктерге ұмтылуына қолайлы мүмкіндік береді. Сол себептен алғанда, жоғары оқу орындарында гендерлік стереотиптерді төмендетуге бағытталған жүйелі педагогикалық шараларды жүзеге асыру білім алушылардың оқу уәждемесін тұрақты түрде қолдаудың маңызды алғышарты болып саналады.

Қорытынды

Осы зерттеу аясында гендерлік рөлдер мен стереотиптердің білім алушылардың академиялық мотивациясына ықпалы эмпирикалық деректерге сүйене отырып зерделенді. Зерттеу нәтижелері гендерлік рөлдерге қатысты ұстанымдардың білім алушылардың оқу үдерісіне белсенді қатысуына, өзіндік тиімділік деңгейіне және жалпы оқу мотивациясының қалыптасуына айтарлықтай әсер ететінін айқындады. Талдау қорытындылары дәстүрлі гендерлік рөлдер мен стереотиптерді қолдау деңгейі жоғары болған жағдайда академиялық мотивацияның жекелеген құрамдас бөліктері әлсірейтінін, ал гендерлік теңдікке негізделген көзқарастардың оқу белсенділігінің күшеюіне ықпал ететінін көрсетті.

Зерттеу нәтижелері жыныс факторына байланысты елеулі айырмашылықтардың бар екенін айқындады. Талдау барысында әйел білім алушылардың гендерлік теңдік қағидаттарын неғұрлым жоғары деңгейде қолдайтыны және дәстүрлі гендерлік стереотиптерге аз бейім екені анықталса, ер білім алушылар арасында дәстүрлі гендерлік рөлдерді қабылдау үрдісі салыстырмалы түрде басым екені байқалды. Аталған айырмашылықтар академиялық мотивация тұрғысынан маңызды мәнге ие, өйткені гендерлік теңдікке негізделген көзқарастар білім алушылардың өз мүмкіндіктеріне деген сенімін күшейтіп, оқу үдерісіне деген ішкі қызығушылықтың артуына ықпал етеді.

Зерттеу аясында алынған нәтижелер гендерлік рөлдер мен стереотиптердің білім алушылардың оқу уәждемесіне әсер ететін әлеуметтік-психологиялық факторлармен тығыз байланысты екенін білдіреді. Алынған сандық деректер гендерлік теңдікке негізделген көзқарастардың білім алушылардың оқу үдерісіне деген оң қатынасын қалыптастырып, олардың оқу мақсаттарын айқындауына, өз мүмкіндіктерін жоғары бағалауына және академиялық табысқа ұмтылуына әсер ететінін көрсетеді. Сондай-ақ дәстүрлі гендерлік ұстанымдардың сақталуы кейбір білім алушылар үшін оқу белсенділігін шектеуші фактор ретінде көрініс тауып, мотивациялық ресурстардың толық іске асуына кедергі келтіруі мүмкін екені аңғартады. Сол себептен алғанда, зерттеу нәтижелері гендерлік көзқарастардың академиялық мотивацияның құрылымына ықпалын тереңірек түсінуге мүмкіндік тудырып, жоғары білім беру кеңістігінде бұл мәселенің өзектілігін нақтылай түседі.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы гендерлік рөлдер мен стереотиптердің білім алушылардың академиялық мотивациясына ықпалын отандық жоғары білім беру кеңістігінде кешенді түрде, нақты статистикалық әдістерді қолдану арқылы зерделеуімен сипатталады. Сонымен қатар жыныс факторының гендерлік көзқарастар мен академиялық мотивация арасындағы өзара байланысқа әсері эмпирикалық деректер негізінде негізделіп, бұл бағыт отандық педагогикалық зерттеулерде жеткілікті деңгейде қамтылмаған аспект ретінде айқындалды.

Зерттеудің тәжірибелік маңыздылығы алынған нәтижелерді білім беру тәжірибесіне енгізу мүмкіндігімен анықталады. Зерттеу қорытындылары жоғары оқу орындарында гендерлік сезімтал педагогикалық тәсілдерді дамытуға, оқытушылардың гендерлік стереотиптерге қатысты ұстанымдарын саналы түрде қайта пайымдауына, сондай-ақ білім алушылардың академиялық мотивациясын арттыруға бағытталған қолайлы білім беру ортасын қалыптастыруға негіз бола алады. Бұдан бөлек, алынған нәтижелер педагог кадрларды даярлау жүйесінде, тәрбие жұмыстарының мазмұнын жетілдіруде және білім беру саясатын дамыту барысында пайдалануға мүмкіндік береді.

Жалпы алғанда, білім беру жүйесіне гендерлік теңдік пен инклюзивтілік қағидаттарын мақсатты әрі жүйелі түрде енгізу білім алушылардың академиялық мотивациясын күшейтудің маңызды алғышарттарының бірі болып саналады. Осы бағыттағы педагогикалық тәжірибелер мен ғылыми зерттеулерді одан әрі дамыту білім беру сапасын арттыруға, сондай-ақ білім алушылардың жеке және академиялық әлеуетін барынша толық іске асыруға жағдай жасайды.

Болашақ зерттеу жұмыстарында гендерлік рөлдер мен академиялық мотивация арасындағы өзара байланысты сапалық әдістер арқылы тереңірек зерделеу, сонымен қатар пәндік ерекшеліктер мен аймақтық айырмашылықтарды салыстырмалы тұрғыда талдау өзекті бағыттардың бірі болып саналады.

Алғыс

Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитетімен қаржыландырылды және «Қазақстанның оңтүстік өңірлері тұрғындарының гендерлік рөлдердің қалыптасуына мәдени құндылықтардың ықпалы: дәстүрлі және инновациялық көзқарастар» ғылыми жобасы аясында дайындалды. Грант AP26101317.

Әдебиеттер тізімі

1. Thomas, A. (2016). Gender Differences in Students' Physical Science Motivation. *American Educational Research Journal*, 54 (1), 35–58. DOI: 10.3102/0002831216682223
2. Thoman, D.B., Smith, J.L., Brown, E.R., Chase, J.P., & Lee, J.Y.K. (2013). Beyond Performance: A Motivational Experiences Model of Stereotype Threat. *Educational Psychology Review*, 25 (2), 211–243. DOI: 10.1007/s10648-013-9219-1
3. Musso, P., Ligorio, M.B., Ibe, E., Annese, S., Semeraro, C., & Cassibba, R. (2022). STEM-Gender Stereotypes: Associations With School Empowerment and School Engagement Among Italian and Nigerian Adolescents. *Frontiers in Psychology*, 13. DOI: 10.3389/fpsyg.2022.879178
4. Diale, B.M., & Victor-Aigbodion, V. (2022). School-Related Irrational Beliefs as Predictor of Academic Motivation among Secondary School Learners. *Studies in Learning and Teaching*, 3 (1), 46–54. DOI: 10.46627/silet.v3i1.99
5. Rydell, R.J., McConnell, A.R., & Beilock, S.L. (2009). Multiple social identities and stereotype threat: Imbalance, accessibility, and working memory. *Journal of Personality and Social Psychology*, 96 (5), 949–966. DOI: 10.1037/a0014846
6. Gao, S., Du, L., Ming, Y., Zhang, T., Tu, Y., Xiao, W., & Tian, M. (2024). Boys don't benefit, girls still suffer: The role of gender stereotypes of math and physics in academic self-efficacy among Chinese adolescents. DOI: 10.21203/rs.3.rs-4857424/v1
7. Cho, S., & Jang, S.J. (2021). Do Gender Role Stereotypes and Patriarchal Culture Affect Nursing Students' Major Satisfaction? *International Journal of Environmental Research and Public Health*, 18 (5), 2607. DOI: 10.3390/ijerph18052607
8. Kutuk, G. (2023). Understanding Gender Stereotypes in the Context of Foreign Language Learning through the Lens of Social Cognitive Theory. *TESOL Quarterly*, 59 (3), 1081–1105. DOI: 10.1002/tesq.3267
9. Kollmayer, M., Schultes, M., Lüftenegger, M., Finsterwald, M., Spiel, C., & Schober, B. (2020). REFLECT — A Teacher Training Program to Promote Gender Equality in Schools. *Frontiers in Education*, 5. DOI: 10.3389/educ.2020.00136
10. Bergh, L.V.D., Denessen, E., Hornstra, L., Voeten, M., & Holland, R.W. (2010). The Implicit Prejudiced Attitudes of Teachers. *American Educational Research Journal*, 47 (2), 497–527. DOI: 10.3102/0002831209353594
11. Thoman, D.B., Smith, J.L., Brown, E.R., Chase, J.P., & Lee, J.Y.K. (2013). Beyond Performance: A Motivational Experiences Model of Stereotype Threat. *Educational Psychology Review*, 25 (2), 211–243. DOI: 10.1007/s10648-013-9219-1

12. Magaji, Y.U., Awori, B.B., & Muthee, J.M. (2023). Career aspirations as a predictor of academic achievement of learners with hearing impairment in special secondary schools in north eastern Nigeria. *International Journal of Science and Research Archive*, 9 (2), 760–767. DOI: 10.30574/ijrsra.2023.9.2.0664
13. Usher, E.L., & Pajares, F. (2008). Sources of Self-Efficacy in School: Critical Review of the Literature and Future Directions. *Review of Educational Research*, 78 (4), 751–796. DOI: 10.3102/0034654308321456
14. Jia, Y., & Cheng, L. (2022). The Role of Academic Buoyancy and Social Support on English as a Foreign Language Learners' Motivation in Higher Education. *Frontiers in Psychology*, 13. DOI: 10.3389/fpsyg.2022.892603

С.Ә. Жүзеев, А.М. Жубандыкова, Ж.О. Әбікенов, М.К. Жайлауова

Эмпирический анализ влияния гендерных ролей и стереотипов на академическую мотивацию студентов

В современном образовательном пространстве одним из важных научных направлений является выявление факторов, влияющих на академическую мотивацию студентов. В этом контексте особое значение имеет изучение влияния гендерных ролей и стереотипов на процесс обучения. Цель данного исследования — выявить особенности влияния гендерных ролей и стереотипов на академическую мотивацию студентов и обосновать это явление теоретически и эмпирически. Исследование проводилось на основе описательно-сравнительного дизайна с использованием количественных методов исследования. В исследовании приняли участие 556 студентов высших учебных заведений, ответы которых послужили основой для анализа. Полученные данные были обработаны с помощью статистической программы JASP, а для анализа результатов использовались методы описательной статистики, t-критерий для независимых выборок и однофакторный дисперсионный анализ (ANOVA). Результаты исследования показали, что студенты не полностью принимают традиционные гендерные модели ролей, но некоторые гендерные стереотипы все же присутствуют. Научная новизна исследования характеризуется всесторонним изучением влияния гендерных ролей и стереотипов на академическую мотивацию студентов в системе высшего образования Казахстана на основе эмпирических подходов. Практическая значимость полученных в ходе исследования выводов позволяет разработать конкретные рекомендации, направленные на развитие образовательной среды, основанной на принципах гендерной чувствительности и инклюзивности в высших учебных заведениях, совершенствование профессионально-педагогической деятельности преподавателей, а также укрепление мотивации студентов к обучению.

Ключевые слова: гендерные роли, гендерные стереотипы, академическая мотивация, студенты, высшее образование, гендерное равенство.

S. Zhuzeyev, A. Zhubandykova, Zh. Abikenov, M. Zhailauova

An empirical analysis of the influence of gender roles and stereotypes on students' academic motivation

In the modern educational space, one of the important scientific directions is the identification of factors influencing the academic motivation of students. In this regard, the study of the influence of gender roles and stereotypes on the learning process is of particular importance. The purpose of this study is to identify the features of the influence of gender roles and stereotypes on the academic motivation of students and to substantiate this phenomenon theoretically and empirically. The research was carried out on the basis of a descriptive and comparative design based on quantitative research methods. 556 students studying in higher education institutions participated in the study, and the answers received from them served as the basis for the analysis. The data obtained was processed using the JASP statistical program, and descriptive statistics methods, t-test for independent samples, and one-way analysis of variance (ANOVA) were used in the analysis of the results. The practical significance of the conclusions obtained during the study allows for the development of specific recommendations aimed at developing an educational environment based on the principles of gender sensitivity and inclusiveness in higher education institutions, pedagogical activities of teachers, as well as strengthening the motivation of students to study.

Keywords: gender roles, gender stereotypes, academic motivation, students, higher education, gender equality.

Information about the authors

Zhuzeyev S.A. (contact person) — Doctor of Philosophy (PhD), Korkyt Ata Kyzylorda University, Head of the Educational Program “Kazakh Language and Literature and Journalism”, Kyzylorda, Kazakhstan; e-mail: serik_juzeev@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-6552-9584>

Zhubandykova A.M. — Candidate of Pedagogical Sciences, Acting Professor, Kazakh National Women’s Teacher Training University, Almaty, Kazakhstan; e-mail: Akgul71@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-4545-2599>

Abikenov Zh.O. — PhD, Head of the Section “Philosophy and Social and Humanitarian Disciplines”, Korkyt Ata Kyzylorda University, Kyzylorda, Kazakhstan; e-mail: abikenovkz@gmail.com, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-7950-330X>

Zhailauova M.K. — Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor of the Educational Program “Pedagogy, Psychology and Methodology of Primary Education”, Korkyt Ata Kyzylorda University, Kyzylorda, Kazakhstan; e-mail: mzhailauova@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-7909-8201>